



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

31.03.2020ж.

№ 200

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігінің  
«Марат Оспанов атындағы Батыс  
Қазақстан медицина  
университеті» коммерциялық  
емес акционерлік қоғамының  
Директорлар кеңесі туралы  
ережесін бекіту туралы

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы Жарғысының 42-тармағының  
5-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика  
министрінің 2018 жылғы 5 қазандығы № 21 бүйрығымен бекітілген Ұлттық әл-  
ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы  
корпоративтік басқарудың үлгілік кодексінің 69-тармағына сәйкес

**БҮЙЫРАМЫШ:**

1. Қоса беріліп отырған «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан  
медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
Директорлар кеңесі туралы ережесі бекітілсін.

2. Осы бүйрық «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина  
университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жалғыз акционерінің  
шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Е. Біртанов

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау  
министрінің 2020 жылғы  
«31» наурыздағы № 200  
бұйрығымен бекітілген

**«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
Директорлар кеңесі туралы ережесі**

**1 - тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) сәйкес әзірленген.

2. Ереже «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің қызмет ету процедурасын, қоғамының Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу, сайлау тәртібі, мәртебесі, мақсаттары, функциялары, Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігі, шақыру тәртібі, Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу, оның шешімдерін қабылдау және ресімдеуді айқындайды.

3. Директорлар кеңесі – Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамының Жарғысымен Қоғамының Жалғыз акционерінін (бұдан әрі - Жалғыз акционер) және Қоғамының Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамының басқару органы.

4. Директорлар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, осы Ережені және Қоғамының ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

**2 - тарау. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттары**

5. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттары Қоғамының қызметіне жалпы басшылық ету, Қоғамының мүдделерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету және Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау, сондай-ақ, Қоғамының Жалғыз акционердің және басқа да тұлғалар алдынғы міндеттемелерін түсіндіру және сақтауды қамтамасыз ету болып табылады.

**3 - тарау. Директорлар кеңесінің құзыреті**

6. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғының 64-тармағына сәйкес Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне

жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті.

Қоғам Жарғысымен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғам Басқармасының шешіміне берілмейді.

7. Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ, Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

8. Директорлар кеңесі:

1) Қоғамның лауазымды тұлғалары деңгейінде ықтимал мұдделер қақтығыстарын, оның ішінде, Қоғамның мүлкін заңсыз пайдалану және жасалуында мұдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде өкілеттігін асыра пайдалануды қадағалайды және мүмкіндігінше жөндейді;

2) Қоғамда корпоративтік басқару практикасының тиімділігін қадағалауды жүзеге асырады.

9. Директорлар кеңесі Қоғам Басқармасынан және Ішкі аудит қызметінен ақпаратты, мәлімдемелер мен түсініктемелерді толық көлемде және уақытылы негізде алуға құқылы.

#### **4 - тарау. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау**

10. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру жөніндегі комитетімен келісім бойынша ұміткерлердің құзыреттіліктерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, ашық және айқын рәсімдер негізінде Жалғыз акционер жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің жеке мүшелерін немесе толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі ескеріледі.

11. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) жеке тұлғалар;

2) Қоғамның акционері болып табылмайтын және Жалғыз акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке тұлғалар қатарынан сайланады.

12. Директорлар кеңесінің мүшесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына және (немесе) Қоғам Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функциялардың орындалуын басқа тұлғаларға табыстауға құқылы емес.

13. Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайланған алмайды. Сонымен бірге, Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланған алмайды.

14. Директорлар кеңесінің мүшелері мен Директорлар кеңесі мүшелеріне ұміткерлер өздерінің міндеттерін орындау және Жалғыз акционер мен Қоғам мұдделерінде бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті сәйкес жұмыс тәжірибеге, білімге, біліктілікке, іскерлік және салалық

ортадағы мінсіз беделге ие болуы тиіс.

15. Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайтын тұлғалар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтмелеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлі тарату немесе акцияларын мәжбүрлі сатып алу не консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан артық емес кезеңде басқа заңды тұлғаның бұрын директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған адамдар. Қорсетілген талап белгіленген тәртіpte банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады;

3) меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық не өзге де үйымдар қызметінің мүдделеріне қарсы қылмыстарды жасағаны үшін сот кінәлі деп таныған, сондай-ақ, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабы 4-тармағына сәйкес, қорсетілген қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауапкершіліктен Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған.

16. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адам болуы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамының кемінде 30 (отыз) пайзызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Бұл ретте, Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына лауазымы бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мен Жалғыз акционердің өкілдері, Басқарма Төрағасы-Ректор, тәуелсіз директорлар кіреді.

17. Директорлар кеңесінің барлық мүшелері өздерінің кәсіби білімі мен дағдыларын үнемі жетілдіріп, сондай-ақ осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік, коммерциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын басқа да құпияны жарияламау туралы міндеттемелерге қол қоюы тиіс.

## **5 - тарау Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері**

18. Тәуелсіз директорлар Қоғамдағы корпоративтік басқарудың үздік стандарттарын енгізуге, ақпараттық ашықтықты қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды және Қоғам қызметін дамытудың стратегиялық бағыттарын әзірлеу, Басқарма қызметінің Қоғам қызметін дамытудың бекітілген стратегиялық бағыттарына сәйкестігін бағалау мәселелері, сондай-ақ, шешімі Жалғыз акционердің мүдделерін қозғауы мүмкін басқа да маңызды мәселелер бойынша шешімдерді талқылау мен қабылдауға айтарлықтай үлес қосуға бағытталған.

19. Егер Директорлар кеңесінің құрамына сайланғаннан кейін өзгерістер орын алса немесе туындаған жағдайлар нәтижесінде тәуелсіз директор мұндаидарекеттен бас тартса, директор осындаі оқиға болған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы өзгерістер мен мән-жайларды қорсете отырып,

Директорлар кеңесіне хабарлауға міндетті. Мұндай жағдайда Директорлар кеңесі Жалғыз акционерді бұл туралы хабардар етуге міндетті.

20. Қоғамның Корпоративтік хатшысы осы Ережеге 2 және 3 қосымшаларына сәйкес Жалғыз акционерге Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына ұсынылатын үміткерлер туралы мәліметті ұсынады.

21. Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар тәуелсіз пайымдауларды шығару міндеттін туындаиды.

22. Директорлар кеңесінің мүшесі келесі жағдайларда:

1) аталған акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаса (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда);

2) осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтын; осы акционерлік қоғамның немесе осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын ұйымдардың лауазымды тұлғаларына бағынышты емес және директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болмаса;

3) мемлекеттік қызметші болып табылмаса;

4) осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмаса және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай өкіл болмаса;

5) аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспаса және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаса тәуелсіз деп танылады.

## **6 - тарау. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі**

23. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер осы Ереженің 25-тармағымен және Корпоративтік басқару кодексінің нормаларымен белгіленген шектеулерді ескере отырып белгілейді.

24. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

25. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері Директорлар кеңесінің аталған хабарламаны алуы кезінен бастап тоқтатылады.

## **7 - тарау. Директорлар кеңесінің төрағасы**

26. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері қатарынан құпия дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы дауыстар санының көпшілігімен сайланады.

Директорлар кеңесі кез келген уақытта Директорлар кеңесінің төрағасын қайта сайлау құқығына ие.

27. Директорлар кеңесінің тәрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесінің отырысын шақырады, оларға тәрағалық етеді, осы Ережеде белгіленген тәртіппен отырыстарда хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады.

28. Директорлар кеңесінің тәрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

29. Директорлар Кеңесінің тәрағасы осы Ереженің 8-тарауында көрсетілген құқықтар мен міндеттерден басқа:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және Қоғамның Директорлар кеңесінің өз функцияларын орындау тиімділігін, оның ішінде отырыстардың тұрақтылығы мен жиілігін бақылайды;

2) Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің мүшелерімен тиісті шарттар жасасады;

3) Қоғам атынан Қоғам Басқарма тәрағасымен материалдық қөтермелебудің және Қоғамның Басқарма тәрағасының жауапкершілігінің қызмет нәтижелеріне және Даму жоспарының орындалуына, Қоғам қызметін дамытудың стратегиялық бағыттарына қол жеткізуге тікелей тәуелділігін көздейтін еңбек шартын жасасады;

4) жыл сайын Директорлар кеңесінің қызметі туралы Жалғыз акционерді хабардар етеді;

5) Директорлар кеңесі бекітетін отырыстың күн тәртібін белгіленген тәртіппен дайындауды ұйымдастырады;

6) Корпоративтік хатшымен бірлесіп, Директорлар кеңесі мүшелерінің шынайы және нақты ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді;

7) Жалғыз акционердің көзқарасын Директорлар кеңесіне жеткізеді;

8) берілген құзыреті шегінде өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

## **8 - тарау. Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

30. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Директорлар кеңесінің отырысын өткізуді талап етуге;

2) Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер және қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуі талап етуге;

3) белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіне мәселелер енгізуге;

4) Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде Қоғамның қызметтік, коммерциялық және заңмен корғалатын өзге де құпиясын құрайтын ақпаратты алуға және онымен танысуға, Қоғамның барлық құжаттарымен танысуға;

5) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын қалыптастыру бойынша жазбаша ұсыныстар енгізуге;

6) Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен каралатын мәселелер бойынша өз пікірін білдіруге, ескертулер, ұсыныстар, ұсынымдар беруге;

7) Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету арқылы өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

8) Жалғыз акционер айқындаған тәртіпке сәйкес сыйақы алуға, сондай-ақ олардың Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттерін орындаудың байланысты шығындарды (шығыстарды) өтеу құқығына;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Кодексте және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

**31. Директорлар Кеңесінің мүшелері:**

1) Қоғамның мүлкін Жарғыға, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдалануға және пайдалануға жол беруге;

2) Директорлар кеңесінің отырыстарын негізсіз себептермен жіберіп алуға;

3) өзінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруге;

4) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мен міндеттерін жүзеге асыруға байланысты тәуелсіз директорға белгілі болған Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметті мұндай ақпаратқа рұқсаты жоқ тұлғаларға жария етуге, сонымен қатар, Қоғамның ішкі құжаттарымен басқа мерзім көзделген болмаса, Директорлар кеңесі мүшесінің міндетін орындау кезеңінде, сондай-ақ, Қоғамда жұмыс жасауды тоқтатқан сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде мұндай ақпаратты өз мұддесінде немесе үшінші тұлғалардың мұддесінде пайдалануға;

5) Қоғам туралы қолжетімділігі шектеулі ақпаратты жеке мақсатта пайдалануға құқылы емес.

**32. Директорлар Кеңесінің мүшелері:**

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және Директорлар кеңесі туралы ережеде қамтылған талаптарды, адамгершілік қағидаттарды және Іскерлік әдеп қағидаларын Жалғыз акционер мен тұтастай Қоғам мұддесінде сақтай отырып, адал, парасатты және әділ әрекет етуге;

2) Егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзге мерзім көзделмесе, Директорлар кеңесі мүшесінің міндетін орындау кезеңінде, сондай-ақ, Қоғамда жұмыс жасауды тоқтатқан сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге;

3) Директорлар кеңесінің отырыстарына және мүшелері болып табылатын Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысына қатысуға;

4) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына қатысу мүмкін еместігі туралы Директорлар Кеңесінің Төрағасын, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитетінің Төрағасын өзінің қатыспауының себептерін көрсете отырып, құрамына кіретін Директорлар кеңесі комитетінің отырыстарына қатысу мүмкін еместігі туралы алдын ала хабардар етуге;

5) өзінің, Қоғамның және Жалғыз акционердің арасында мұдделер қақтығысының туындаудына әкеп соғатын немесе ықтимал әкеп соғуы мүмкін

іс-әрекеттерден тартынуға, ал мұндай қайшылық болған немесе туындаған жағдайда бұл туралы Директорлар кеңесінің төрағасына деру жазбаша түрде хабарлауға;

6) Директорлар кеңесімен оларды басқа акционерлік қоғам органдарына сайлау немесе басқа үйымға жұмысқа қабылдау мүмкіндігін келісуге;

7) Директорлар кеңесіне 2 (екі) жұмыс күні ішінде нәтижесінде тәуелсіз директор осындай болуын тоқтататын мән-жайлардың өзгеруі туралы хабарлауға;

8) құрамына өзі кіретін Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына тиісті түрде дайындалуға, атап айтқанда: материалдармен алдын ала танысуға, қажетті ақпаратты жинау мен талдауды жүзеге асыруға, өзінің қорытындыларын, ескертулері мен ұсыныстарын, тұжырымдары мен ұсынымдарын дайындауға;

9) жазбаша нысанда берілген Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес өз құзыреті шенберінде орындауға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Кодекске және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді, функциялар мен міндеттерді орындауға міндетті.

## **9 - тарау. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру**

33. Корпоративтік хатшы күн тәртібін қалыптастырады, Директорлар кеңесінің мүшелерін және отырыска қатысушыларды хабардар етеді, сондай-ақ оларды қажетті материалдармен қамтамасыз етеді

34. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы немесе келесілердің:

1) Жалғыз акционердің;

2) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

3) Ишкі аудит қызметінің;

4) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық үйымның талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

35. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібінен тұратын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

36. Директорлар кеңесі Төрағасының отырысты шақырудан бас тартқан немесе шақырудың мүмкін еместігінің басқа себептері жағдайында бастамашы аталған ұсыныспен Қоғам Басқармасына жүргінуге құқылы, ол Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

37. Директорлар кеңесінің отырысына арналған материалдар:

1) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға бастамашы тұлға қол қойған отырыстың күн тәртібін;

2) күн тәртібінің әрбір қаралатын мәселесіне осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша түсіндірме жазбаны;

3) қарauғa жоспарланған құжаттың жобасын және қаралатын мәселелеге қатысы бар, Қоғамның мүдделі бөлімшелерімен құзыреттерінің шектерінде

келісілген басқа да материалдарды;

4) мәселелерді алдын ала қараған Басқарма, Директорлар кеңесінің жаңындағы комитеттер және/немесе Қоғамның өзге де алқалы органдары шешімінің көшірмелерін (болған жағдайда);

5) сырттай отырыс өткізілген жағдайда Директорлар кеңесінің сырттай отырысының бюллетенін;

6) күн тәртібіндегі мәселелерді қарau және талдау үшін қажетті өзге де күжаттар, олар болған кезде (презентациялар, есептер, комитеттердің және Қоғамның өзге де алқалы органдарының тиісті мәселелер бойынша шешімдерінің көшірмелері), көрсетілген мәселелерді күн тәртібіне енгізу ді негіздейтін анықтамалық материалдарды қамтуы тиіс.

38. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасын және Қоғамды оның Директорлар кеңесінің отырысына катыса алмайтындығы туралы алдын ала хабарлайды.

39. Директорлар кеңесінің бір отырысының күн тәртібіне енгізілетін мәселелердің ұсынылатын саны 7-ден (жетіден) аспауы тиіс.

40. Директорлар кеңесінің отырысына материалдардың көшірмелері Директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырыстың болжамды күніне дейін кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын қағаз тасығышта немесе электрондық (PDF форматында сканерленген) ресми түрде және электрондық пошта арқылы жіберілуі тиіс.

Сондай-ақ, отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар қоса ұсынылған Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізу күніне дейін 7 күнтізбелік күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс. Директорлар кеңесі отырысын шұғыл шақыру жағдайында отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар қоса ұсынылған отырыс өткізу туралы хабарламалар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізу күніне дейін кемінде 3 жұмыс күнінен кешіктірмей жіберілуі тиіс. Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесі Төрағасының шешімі бойынша материалдар отырысты өткізу күніне дейін бір жұмыс күні бұрын жіберілуі мүмкін.

## **10 - тарау. Директорлар кеңесінің отырысы**

41. Белгіленген тәртіппен бекітілген Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері келесі тәсілдермен қабылданады:

1) көзбе-көз дауыс беру;

2) сырттай дауыс беру;

3) дауыс берудің екі түрін біріктіру (аралас дауыс беру). Дауыс берудің мұндай түрі Директорлар кеңесінің мүшесі(лері) Директорлар кеңесінің отырысына жеке қатыса алмаған және өз пікірлерін жазбаша нысанда ұсынған жағдайларда қолданылады.

42. Директорлар Кеңесінің отырыстары Директорлар кеңесінің отырысында бекітілген тиісті күнтізбелік жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, бірақ жылына

кемінде 4 (төрт) рет жүйелі түрде өткізілуі тиіс. Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарайды.

43. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Қоғамның Директорлар кеңесінің сайланған мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.

44. Директорлар кеңесінің отырысы көзбе-көз тәртіpte өткізілетін жағдайда кворум жазбаша түрде білдірген дауыстарының болуы шартымен, Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін есепке алumen анықталуы мүмкін.

45. Көзбе-көз тәртіpte өткізілетін отырыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша пікір ұсынуға құқылы.

46. Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін Директорлар кеңесінің Төрағасына пошта арқылы тапсырыс хатпен, курьермен жіберілуі, Корпоративтік хаттыға жеке немесе өкілі арқылы табысталуы, сондай-ақ электрондық пошта арқылы ұсыну кезінен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннің ішінде түпнұсқасын ұсынумен, PDF форматында электрондық поштаға жіберілуі мүмкін.

47. Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған жазбаша пікір кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде ескеріледі және Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына тігіледі.

48. Жазбаша пікірін ұсынған Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына қатысу және дауыс беру үшін келетін болса, оның жазбаша пікірі ескерілмейді.

49. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына енгізуге міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені жалғыз акционердің қарауына шыгару туралы ғана шешім қабылдауга құқылы.

50. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауыска ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең түскен кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесі отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

51. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

52. Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша шешімдерді Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдай алады.

53. Сырттай дауыс беру Қоғамның Директорлар кеңесін шақыруға бастамашылық жасауға құқығы бар тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Директорлар Кеңесінің Төрағасына жазбаша нысанда ұсынылады және дауыс беруге қойылған нақты және бір мәнді тұжырымдалған мәселелерді қамтиды.

54. Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі өзгертулмайді және (немесе) толықтырылмайды. Директорлар кеңесі сырттай отырыстың күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

55. Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімдері осы Ереженің 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінен келіп түскен бюллетенъдер қоса беріліп, осы Ереженің 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша рәсімделеді.

56. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының хаттамасына Директорлар кеңесінің төрағасы және Корпоративтік хатшы қол қояды.

57. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі осы шешім шығаруға негіз болған бюллетенъдердің көшірмелерін қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің сырттай отырысының хаттамасына қол қойылған күннен бастап 20 (жырма) күнтізбелік күннен Директорлар кеңесінің мүшелеріне кешіктірмей жіберілуі тиіс.

58. Директорлар кеңесінің күндізгі отырысын ашқан кезде Директорлар кеңесінің Төрағасы отырыстың күн тәртібін жария етеді және күн тәртібін өзгерту бойынша өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

59. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің көвшілігі дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

60. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекіту Директорлар кеңесі мүшелерінің көвшілік даусымен жүзеге асырылады.

61. Директорлар Кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі қабылдайтын шешіммен толық немесе ішінara келіспеген жағдайда, ол дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша өзінің келіспеуін Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында Корпоративтік хатшы тіркейтін ерекше пікір түрінде баяндауға құқылы.

Ерекше жағдайларда Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының екі нысаны үйлесуі мүмкін. Бұл Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшесі (30% - дан көп емес) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына жеке қатысуға мүмкіндігі жоқ жағдайға қатысты. Бұл ретте Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшесі техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып, каралатын мәселелерді талқылауға қатыса алады және өзінің жазбаша пікірін (аралас дауыс беру) ұсыну жолымен дауыс беруге қатыса алады. Жазбаша пікір осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру бюллетені нысанының қолданылатын ережелері ескеріле отырып рәсімделеді және хаттамаға қоса тіркеледі (егер отырыс хаттамасында көрсетілмеген жағдайда).

62. Қоғамның Директорлар кеңесінің күндізгі тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хаттамамен рәсімделеді, оған Директорлар кеңесінің төрағасы немесе отырысқа төрағалық еткен тұлға және Корпоративтік хатшы өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қояды.

Директорлар кеңесінің аралас дауыс беру жолымен қабылданған шешімдері сырттай отырыс хаттамасын ресімдеуге қолданылатын жекелеген

ережелерді ескере отырып, осы Ереженің 9-косымшасына сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді.

63. Корпоративтік хатшы хаттаманың (шешімнің) дұрыс жасалуына жауапты.

64. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары, Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының материалдарын қоса алғанда, Корпоративтік хатшыда сақталады және олар қабылданған сәттен бастап 2 (екі) жыл өткеннен кейін белгіленген тәртіппен Қоғамның архивіне беріледі. Корпоративтік хатшы мұндай құжаттардың қоғам архивіне берілгенге дейін сақталуына жауапты болады.

65. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған танысу үшін хаттаманың (шешімнің) және бекітілген не қаралған материалдардың өз қолымен және Корпоративтік хатшының мөрімен расталған көшірмелерін ұсынуға міндettі.

66. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Директорлар кеңесінің «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңында, Жарғыда және осы Ережеде белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуда құқылды.

## **11 - тарау. Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылау**

67. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің отырыстарына ұсынылатын Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуы және (немесе) орындалу барысы туралы Басқарманың, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Ішкі аудит қызметінің, Корпоративтік хатшының есептерін қарau арқылы өз шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

68. Корпоративтік хатшы қабылданған шешімдер мен тиісті тапсырмаларды Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің назарына жеткізеді және Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің шешімдерін орындаудың бақылау мерзімдері (болған жағдайда) туралы хабарлайды.

## **12 - тарау. Директорлар кеңесінің комитеттері**

69. Аса маңызды мәселелерді қарau және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар мен сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік сұрақтар;

